

Білім беру саласындағы мемлекеттік мекемелердің ережелерін бекіту туралы

Павлодар облысы әкімдігінің 2022 жылғы 23 мамырдағы № 142/1 қаулысы

Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 29 маусымдағы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 40-бабы 2-тармағына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 27-бабы 2-тармағына, Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы "Мемлекеттік мүлік туралы" Заңының 124-бабына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңының 65-бабы 3-тармағына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 1 қыркүйектегі "Мемлекеттік органдар мен олардың құрылымдық бөлімшелерінің қызметін ұйымдастырудың кейбір мәселелері туралы" № 590 қаулысына сәйкес Павлодар облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Келесі мемлекеттік мекемелердің (бұдан әрі – ММ) ережелері:

"Павлодар облысының білім беру басқармасы" ММ осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес;

Павлодар облысы білім беру басқармасының "Ақсу қаласының білім беру бөлімі" ММ осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес;

Павлодар облысы білім беру басқармасының "Аққулы ауданының білім беру бөлімі" ММ осы қаулының 3-қосымшасына сәйкес;

Павлодар облысы білім беру басқармасының "Ақтоғай ауданының білім беру бөлімі" ММ осы қаулының 4-қосымшасына сәйкес;

Павлодар облысы білім беру басқармасының "Баянауыл ауданының білім беру бөлімі" ММ осы қаулының 5-қосымшасына сәйкес;

Павлодар облысы білім беру басқармасының "Железин ауданының білім беру бөлімі" ММ осы қаулының 6-қосымшасына сәйкес;

Павлодар облысы білім беру басқармасының "Ертіс ауданының білім беру бөлімі" ММ осы қаулының 7-қосымшасына сәйкес;

Павлодар облысы білім беру басқармасының "Май ауданының білім беру бөлімі" ММ осы қаулының 8-қосымшасына сәйкес;

Павлодар облысы білім беру басқармасының "Павлодар қаласының білім беру бөлімі" ММ осы қаулының 9-қосымшасына сәйкес;

Павлодар облысы білім беру басқармасының "Павлодар ауданының білім беру бөлімі" ММ осы қаулының 10-қосымшасына сәйкес;

Павлодар облысы білім беру басқармасының "Тереңкөл ауданының білім беру бөлімі" ММ осы қаулының 11-қосымшасына сәйкес;

Павлодар облысы білім беру басқармасының "Успен ауданының білім беру бөлімі" ММ осы қаулының 12-қосымшасына сәйкес;

Павлодар облысы білім беру басқармасының "Шарбақты ауданының білім беру бөлімі" ММ осы қаулының 13-қосымшасына сәйкес;

Павлодар облысы білім беру басқармасының "Екібастұз қаласының білім беру бөлімі" ММ осы қаулының 14-қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Павлодар облысы әкімдігінің 2020 жылғы 25 желтоқсандағы "Білім беру саласындағы мемлекеттік мекемелердің ережелерін бекіту туралы" № 287/5 қаулысының күші жойылсын.

3. "Павлодар облысының білім беру басқармасы" мемлекеттік мекемесі заңнамамен белгіленген тәртіпте:

осы қаулыны ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкіне енгізу үшін шаруашылық жүргізу құқығындағы "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

осы қаулыны Павлодар облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды;
осы қаулыдан туындайтын өзге де қажетті шараларды қабылдауды қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары А.А. Құрмановаға жүктелсін.

5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

Ә. Сқақов

Павлодар облысы әкімдігінің
2022 жылғы "23" мамырдағы
№ 142/1 қаулысымен
бекітілді

Павлодар облысы әкімдігінің
2022 жылғы "23" мамырдағы
№ 142/1 қаулысына
1-қосымша

"Павлодар облысының білім беру басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы ереже

1. Жалпы ережелер

1. "Павлодар облысының білім беру басқармасы" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – "Павлодар облысының білім беру басқармасы" ММ) облыстық бюджеттен қаржыландырылатын Павлодар облысының аумағында білім беру саласындағы басшылықты жүзеге асыруға облыс әкімдігі уәкілеттік берген Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. "Павлодар облысының білім беру басқармасы" ММ ведомстволары жоқ.

3. "Павлодар облысының білім беру басқармасы" ММ аудандар мен қалаларда аумақтық мемлекеттік органдары бар.

Аумақтық мемлекеттік органдар (аудандар мен қалалардың білім беру бөлімдері) " Павлодар облысының білім беру басқармасы" ММ есеп береді және бақылауында болады.

4. "Павлодар облысының білім беру басқармасы"ММ өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

5. "Павлодар облысының білім беру басқармасы"ММ ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген мөрлері мен қазақ және орыс тілдерінде өз атауы бар мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

6. "Павлодар облысының білім беру басқармасы"ММ азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

7. "Павлодар облысының білім беру басқармасы"ММ егерҚазақстан Республикасыныңзаңнамасына сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

8. "Павлодар облысының білім беру басқармасы"ММ өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамамен белгіленген тәртіпте"Павлодар облысының білім беру басқармасы"ММ басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

9. "Павлодар облысының білім беру басқармасы"ММ-нің құрылымы мен штат санының лимиті Қазақстан Республикасыныңқолданыстағы заңнамасына сәйкес бекітіледі.

10. Заңды тұлғаның орналасқан жері:

Қазақстан Республикасы, Павлодар облысы, 140000, Павлодар қаласы, Қайырбаев көшесі, 32.

11. "Павлодар облысының білім беру басқармасы" ММ жұмыс тәртібі:

жұмыс күндері: дүйсенбі – жұма күндері сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін, түскі үзіліс сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін, демалыс күндері: сенбі – жексенбі.

12. Мемлекеттік мекеменің толық атауы:

мемлекеттік тілде – "Павлодар облысының білім беру басқармасы" мемлекеттік мекемесі.

орыс тілінде – государственное учреждение "Управление образования Павлодарской области".

13. Мемлекет Павлодар облысы әкімдігінің тұлғасында "Павлодар облысының білім беру басқармасы" ММ құрылтайшысы болып табылады.

"Павлодар облысының білім беру басқармасы"ММ өзіне қосылу жолымен қайта ұйымдастырылған "Павлодар облысының балалар құқықтарын қорғау басқармасы"

мемлекеттік мекемесінің тараптар дауласатын міндеттемелерін қоса алғанда, тапсыру актісіне сәйкес құқықтар мен міндеттерге қатысты оның құқық иеленушісі болып табылады.

14. Осы Ереже "Павлодар облысының білім беру басқармасы" ММ-нің құрылтай құжаты болып табылады.

15. "Павлодар облысының білім беру басқармасы" ММ-нің қызметін қаржыландыру облыстық бюджеттен жүзеге асырылады.

16. "Павлодар облысының білім беру басқармасы" ММ-не кәсіпкерлік субъектілерімен "Павлодар облысының білім беру басқармасы" ММ өкілеттіктері болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысынан келісім-шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер "Павлодар облысының білім беру басқармасы" ММ-не заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған кірістер мемлекеттік бюджет кірісіне жіберіледі.

2. "Павлодар облысының білім беру басқармасы" ММ міндеттері, мақсаты, мәні, өкілеттіктері

17. Міндеттері:

1) ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіптік шыңдауға бағытталған сапалы білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау;

2) жеке тұлғаның шығармашылық, рухани және күш-қуат мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, даралықты дамыту үшін жағдай жасау арқылы ой-өрісін байыту;

3) азаматтық пен патриотизмге, өз Отаны – Қазақстан Республикасына деген сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздер мен мемлекеттік тілді құрметтеуге, халық дәстүрлерін қастерлеуге, Конституцияға қайшы және қоғамға жат кез келген көріністерге төзбеуге тәрбиелеу;

4) белсенді азаматтық ұстанымы бар жеке тұлғаны тәрбиелеу, Республиканың қоғамдық-саяси, экономикалық және мәдени өміріне қатысу қажеттігін, жеке тұлғаның өз құқықтары мен міндеттеріне саналы көзқарасын қалыптастыру;

5) отандық және әлемдік мәдениеттің жетістіктеріне баулу; қазақ халқы мен республиканың басқа да халықтарының тарихын, әдет-ғұрпы мен дәстүрлерін зерделеу; мемлекеттік тілді, орыс, шетел тілдерін меңгеру;

6) педагог қызметкерлердің әлеуметтік мәртебесін арттыруды қамтамасыз ету;

7) білім беру ұйымдарының еріктілігін, дербестігін кеңейту, білім беру ісін басқаруды демократияландыру;

8) қоғам мен экономиканың қажеттіліктеріне жауап беретін білім беру сапасын бағалаудың ұлттық жүйесінің жұмыс істеуі;

9) оқытудың жаңа технологияларын, оның ішінде кәсіптік білім беру бағдарламаларының қоғам мен еңбек нарығының өзгеріп отыратын қажеттіліктеріне тез бейімделуіне ықпал ететін кредиттік, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды енгізу және тиімді пайдалану;

10) жалпы оқытудың, жұмыс орны бойынша оқытудың және еңбек нарығының қажеттіліктері арасындағы өзара байланысты қамтамасыз ететін және әркімге білім мен біліктілікке негізделген жеке әлеуметін қоғамда барынша пайдалануға көмектесетін оқыту жүйесін өмір бойы дамыту;

11) білім интеграциясы;

12) білім алушылардың кәсіптік ұмтылысын қамтамасыз ету;

13) жұмыс берушілермен және басқа да әлеуметтік әріптестермен белсенді өзара іс-қимыл арқылы техникалық және кәсіптік білім берудің озық қарқынмен дамуын қамтамасыз ету;

14) білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жеке ерекшеліктерін ескере отырып, білім алу үшін арнайы жағдайлар жасау;

15) өз өкілеттіліктері шегінде Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де міндеттерді жүзеге асырады.

18. "Павлодар облысының білім беру басқармасы" ММ қызметінің мақсаты облыста білім беруді дамытуға, білім беру саласында азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етуге бағытталған мемлекеттік саясатты жүргізу болып табылады.

19. "Павлодар облысының білім беру басқармасы" ММ қызметінің мәні облыстық деңгейде білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыру болып табылады.

20. Өкілеттіктері:

1) Құқықтары:

1-1) облыс әкімдігі мен әкімінің қарауына дамудың негізгі бағыттары, білім беру саласындағы проблемаларды жедел шешу жөнінде ұсыныстар енгізуге;

1-2) мемлекеттік органдармен, лауазымды тұлғалармен, ұйымдармен және азаматтармен келісім бойынша "Павлодар облысының білім беру басқармасы" ММ алдына қойылған міндеттерді орындауға байланысты мәселелер бойынша белгіленген тәртіпте ақпарат сұратуға және алуға;

1-3) осы Ережеде белгіленген өз құзыреті шегінде барлық инстанциялардағы соттарда, мемлекеттік органдарда, мекемелерде, кәсіпорындар мен өзге де ұйымдарда әкімнің, әкімдіктің мүдделерін білдіруге;

1-4) өз өкілеттігі шегінде қолданыстағы заңнамаға сәйкес жұмыс берушінің актілерін шығаруға;

1-5) өз өкілеттіктері шегінде Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқылы.

2) міндеттері:

2-1) Қазақстан Республикасы Еңбек заңнамасының, келісімдердің, ұжымдық, еңбек шарттарының, өзі шығарған актілердің талаптарын сақтауға;

2-2) жұмысқа қабылдау кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен және шарттарда жұмыскерлермен еңбек шарттарын жасасуға;

2-3) жұмысқа қабылдау кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес еңбек шартын жасасу үшін қажетті құжаттарды талап етуге;

2-4) қызметкерге еңбек шартында келісілген жұмысты беруге;

2-5) қызметкерге Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде, еңбек, ұжымдық шарттарда, жұмыс берушінің актілерінде көзделген жалақы мен өзге де төлемдерді уақтылы және толық мөлшерде төлеуге;

2-6) өз өкілеттіктері шегінде Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де міндеттерді жүзеге асыруға міндетті.

21. Функциялары:

1) білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырады;

2) мемлекеттік білім беру ұйымдарында кешкі (ауысымдық) оқыту нысанын қоса алғанда, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беруді және интернат үлгісіндегі ұйымдар арқылы берілетін жалпы орта білім беруді қамтамасыз етеді;

3) тірек мектептерінің жұмыс істеуін қамтамасыз етеді (ресурсты орталықтар);

4) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беруді қамтамасыз етеді;

5) ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар адамдарды (балаларды) оқытуды, олардың білім беру ұйымдарында білім алуы үшін арнайы жағдайлар жасауды, әмбебап дизайн және (немесе) ақылға қонымды бейімдеу қағидаттарын ескере отырып, мемлекеттік құрылыс нормалары мен стандарттарына сәйкес білім беру ұйымдары ғимараттарының, құрылыстары мен үй-жайларының қолжетімділігін қамтамасыз етеді;

6) мамандандырылған білім беру ұйымдарында дарынды балаларды оқытуды қамтамасыз етеді;

7) мектеп жасына дейінгі және мектеп жасындағы балаларды есепке алуды, оларды орта білім алғанға дейін оқытуды ұйымдастырады;

8) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыруды қамтамасыз етеді;

9) негізгі орта, жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын және техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына білім туралы мемлекеттік үлгідегі құжаттардың бланкілеріне тапсырыс беруді ұйымдастырады және оларды пайдалануды бақылауды жүзеге асырады;

10) облыстың жергілікті атқарушы органына мамандандырылған жалпы білім беретін және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын мемлекеттік білім беру ұйымдарын қоспағанда, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын және

балаларға арналған қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыратын мемлекеттік білім беру ұйымдарын Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен құру, қайта ұйымдастыру және тарату, сондай-ақ білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын, мамандандырылған жалпы білім беретін және арнайы оқу бағдарламаларын, балалар-жасөспірімдер спорт мектептерін іске асыратын мемлекеттік білім беру ұйымдары туралы ұсыныстар енгізеді;

11) аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың білім беру бөлімінің ұсынуы бойынша облыстың жергілікті атқарушы органына мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, сондай-ақ ата-ана төлемақысының мөлшерін бекітуге енгізеді;

12) облыстың жергілікті атқарушы органының бекітуіне жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын енгізеді;

13) аймақтық кәсіпкерлер палатасы мен мүдделі ұйымдардың ұсыныстарын ескере отырып, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар мамандарды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыруды қамтамасыз етеді;

14) облыстың жергілікті атқарушы органына мемлекеттік білім беру ұйымдарында орта білімге арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын бекітуге енгізеді;

15) облыстың жергілікті атқарушы органының бекітуіне техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын енгізеді;

16) облыстың жергілікті атқарушы органына тиісті қаржы жылына арналған жергілікті бюджеттерде бекітілген бюджет қаражатының көлемі шегінде балаларға қосымша білім беруге арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын бекітуге енгізеді;

17) білім алушылардың бірыңғай ұлттық тестілеуге қатысуын ұйымдастырады;

18) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын, сондай-ақ мамандандырылған жалпы білім беретін және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын мемлекеттік білім беру ұйымдарын (қылмыстық-атқару жүйесінің түзету мекемелеріндегі білім беру ұйымдарын қоспағанда) материалдық-техникалық қамтамасыз етуді жүзеге асырады;

19) бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын мемлекеттік білім беру ұйымдарын (қылмыстық-атқару жүйесінің түзеу мекемелеріндегі білім беру ұйымдарын қоспағанда) қолдайды және материалдық-техникалық қамтамасыз етуде ықпал етеді;

20) облыстық және аудандық (облыстық маңызы бар қаланың) ауқымды мемлекеттік білім беру ұйымдарының мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан, сондай-ақ мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын,

жан басына шаққандағы табысы ең төмен күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шыққан білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне, жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, отбасыларда тұратын балаларға, төтенше жағдайлардың салдарынан шұғыл жәрдемді талап ететін отбасылардан шыққан балаларға, органы айқындайтын білім алушылар мен тәрбиеленушілердің өзге де санаттарына жалпы білім беретін мектептерді ағымдағы күтіп-ұстауға және шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындарда орта білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыруға бөлінетін бюджет қаражатының кемінде екі пайызы мөлшерінде қаржылай және материалдық көмек көрсетуге қаражат жібереді;

21) мемлекеттік тапсырыс негізінде техникалық және кәсіптік білімнің білім беру бағдарламаларын, сондай-ақ мамандандырылған жалпы білім беретін және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары үшін жыл сайын 1 тамызға дейін қағаз және электрондық тасығышта оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерін сатып алуды және жеткізуді қамтамасыз етеді;

22) жыл сайын 1 тамызға дейін аудандарда (облыстық маңызы бар қалаларда) орналасқан, мектепалды даярлықтың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына, орта білім беру ұйымдарына білім беру органдары оқу жылына болжайтын көлемде оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алуды және жеткізуді ұйымдастырады;

23) мектепке дейінгі ұйымдарды және интернаттық ұйымдарға жатпайтын орта білім беру ұйымдарын қоспағанда, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен білім беру ұйымдарының, оның ішінде аудандарда (облыстық маңызы бар қалаларда) орналасқан білім алушылар мен тәрбиеленушілерге медициналық қызмет көрсетуді ұйымдастырады;

24) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды қамтамасыз етеді, оның ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарында медициналық қызмет көрсетуді ұйымдастырады;

25) балаларға облыстық деңгейде жүзеге асырылатын қосымша білім беруді қамтамасыз етеді;

26) бюджеттік қаражат есебінен қаржыландырылатын мемлекеттік білім беру ұйымдарының кадрларын қайта даярлауды және қызметкерлердің біліктілігін арттыруды ұйымдастырады;

27) балалар мен жасөспірімдердің психикалық денсаулығын тексеруді қамтамасыз етуді және психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялық көмек көрсетуді үйлестіреді;

28) дамуында проблемалары бар балалар мен жасөспірімдерді оңалтуды және әлеуметтік бейімдеуді қамтамасыз етеді;

29) жетім балалар мен ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін тәрбиеленушілерді белгіленген тәртіппен мемлекеттік қамтамасыз етуді, оларды жұмысқа орналастыруды және тұрғын үймен қамтамасыз етуді жүзеге асырады;

30) мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарына, оның ішінде аудандарда (облыстық маңызы бар қалаларда) орналасқан ұйымдарға және отбасыларға қажетті әдістемелік және консультациялық көмек көрсетеді;

31) Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген тәртіпте оқушылардың жекелеген категорияларын тегін және жеңілдікпен тамақтандыруды ұйымдастырады;

32) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде бітірген адамдарды жұмысқа орналастыруға ықпал етеді;

33) берілген өтінімдерге сәйкес кейіннен жұмысқа орналастыра отырып, ауылдық жердің кадрларға қажеттілігі туралы өтінімді білім беру және денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органдарға жыл сайын 15-ші сәуірге дейін ұсынады;

34) мәслихатқа оқушылардың қоғамдық көлікте(таксиден басқа) жеңілдікпен жүруі туралы ұсыныс енгізеді;

35) білім беру мониторингін жүзеге асырады;

36) жыл сайын белгіленген мерзімде білім беру саласындағы уәкілетті органның ақпараттандыру объектілерінде статистикалық байқаулар деректерін жинауды қамтамасыз етеді;

37) өмірлік қиын жағдайдағы балаларды қолдау жөніндегі орталықтардағы кәмелетке толмағандарға жағдай жасауды қамтамасыз етеді;

38) қамқоршылық кеңестерге жәрдем көрсетеді;

39) мемлекеттік білім беру ұйымдарын кадрлармен қамтамасыз етуді ұйымдастырады;

40) конкурс жеңімпаздарына – мемлекеттік орта білім беру ұйымдарына "Орта білім беретін үздік ұйым" грантын төлейді;

41) мәдениет және өнер, дене шынықтыру және спорт мамандықтары бойынша негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарында, мамандандырылған және арнайы жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, сондай-ақ техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында экстернат нысанында оқуға рұқсат береді;

42) облыстық деңгейдегі әдістемелік кабинеттердің материалдық-техникалық базасын қамтамасыз етеді;

43) орта білім беру ұйымдарында психологиялық қызмет жұмысы қағидаларының әзірленуін ұйымдастырады және облыс әкімдігіне бекітуге ұсынады;

- 44) білім беру ұйымдарындағы ішкі тәртіптің үлгілік ережелерін әзірлейді және облыс әкімдігіне бекітуге ұсынады;
- 45) дуальді оқыту бойынша білікті жұмысшы кадрлар мен орта буын мамандарының дайындығын ұйымдастыруды қамтамасыз етеді;
- 46) конкурс жеңімпаздарына—мемлекеттік техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарына "Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беретін үздік ұйым" грантын төлейді;
- 47) орта білім беру ұйымдарында психологиялық қызметке әдістемелік басшылықты қамтамасыз етеді;
- 48) тиісті кентте, ауылда, ауылдық округте мектеп болмаған жағдайда білім алушыларды таяудағы мектепке дейін және кері қарай тегін тасымалдауды ұйымдастырады;
- 49) мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшыларына ротация жүргізу қағидаларына сәйкес мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшыларына ротация жүргізеді;
- 50) жалпы білім беретін пәндер бойынша облыстық мектеп олимпиадаларын және ғылыми жобалар конкурстарын, орындаушылар конкурстары мен кәсіби шеберлік конкурстарын ұйымдастыруды және өткізуді қамтамасыз етеді;
- 51) аумақтық органдарды (аудандар мен қалалардың білім бөлімдері), ведомстволық бағынысты заңды тұлғаларды басқару мәселелері бойынша актілер шығарады;
- 52) тиісті деректер банктерін құра отырып, Павлодар облысының бірыңғай электрондық жүйесін ұйымдастыруға қатысады;
- 53) облыстың білім беру саласында кадрлық саясатты іске асырады, қолданыстағы заңнамаға сәйкес педагогтер мен білім беру басшы қызметкерлерін аттестаттауды ұйымдастырады;
- 54) өз құзыреттілігі шегінде мемлекеттік-жекешелік әріптестік саласында мемлекеттік саясатты іске асырады;
- 55) облыстың жергілікті атқарушы органының шешімі бойынша мемлекеттік меншіктің бір түрінен екіншісіне, құны 30000 АЕК-тен асатын деңгейден деңгейге дейін білім беру басқармасының қарамағында тұрған ведомствоға бағынысты білім беру ұйымдары мен аумақтық органдардың мүлкін қабылдау-тапсыру актілерін келіседі және қаулы жобаларын дайындайды;
- 56) заңнамада көзделген құзыреті шегінде нормативтік құқықтық және құқықтық актілерді әзірлейді;
- 57) білім беру саласында мемлекеттік қызметтерді үйлестіреді және көрсетеді;
- 58) аумақтық органдардың (аудандар мен қалалардың білім беру бөлімдері) жұмысын үйлестіреді;

59) облыстың жергілікті атқарушы органына басқарманың және аумақтық органдардың (аудандар мен қалалардың білім беру бөлімдері) мемлекеттік қызметшілерінің штат санын бекіту туралы ұсыныстар енгізеді;

60) сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру бойынша қажетті іс-шараларды өткізеді;

61) білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісім бойынша аумақтық органдардың (аудандар мен қалалардың білім беру бөлімдері) бірінші басшыларын қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

62) аумақтық органдардың (аудандар мен қалалардың білім беру бөлімдері) басшылары тағайындайтын мемлекеттік білім беру ұйымдарының басшыларын қоспағанда, білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындаған тәртіппен конкурстық негізде мемлекеттік білім беру ұйымдарының басшыларын қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

63) ведомствоға бағынысты ұйымдардың бас бухгалтерлерін тағайындауды келіседі ;

64) аумақтық орган басшысының ұсынуы бойынша ауданның, қаланың немесе облыстық маңызы бар қалалардағы аудандардың білім беру бөлімінің құрылымын келіседі;

65) аумақтық органдардың (аудандар мен қалалардың білім беру бөлімдері) бірінші басшыларын және ведомстволық бағынысты білім беру ұйымдарының бірінші басшыларын тәртіптік жаупкершілікке тартады;

66) ақпараттандыру және консультациялар жүргізу тәртібін белгілейді, баланың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау жөніндегі іс-шараларды жүзеге асырады;

67) мемлекеттік кәсіпорын басшысының ұсынысы бойынша ведомстволық бағынысты мемлекеттік кәсіпорындардың басшы орынбасарларын лауазымға тағайындайды және босатады;

68) Қазақстан Республикасының заңнамасымен жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде өзге де функцияларды жүзеге асырады.

3. "Павлодар облысының білім беру басқармасы" ММ бірінші басшысының мәртебесі, өкілеттіктері

22. "Павлодар облысының білім беру басқармасы" ММ-ін басқаруды "Павлодар облысының білім беру басқармасы" ММ жүктелген міндеттердің орындалуын және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын бірінші басшы жүзеге асырады.

23. "Павлодар облысының білім беру басқармасы" ММ-нің бірінші басшысы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес облыс әкімінің өкімімен лауазымға тағайындалады және лауазымынан босатылады.

24. "Павлодар облысының білім беру басқармасы" ММ бірінші басшысының Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындалатын және лауазымынан босатылатын орынбасарлары болады.

25. "Павлодар облысының білім беру басқармасы" ММ бірінші басшысының өкілеттіктері:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес "Павлодар облысының білім беру басқармасы" ММ-нің қызметкерлерін лауазымға тағайындайды және лауазымынан босатады;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте "Павлодар облысының білім беру басқармасы" ММ-нің қызметкерлерін ынталандыруды, материалдық көмек көрсетуді, оларға тәртіптік жаза қолдануды жүзеге асырады;

3) "Павлодар облысының білім беру басқармасы" ММ қызметкерлерінің барлығы орындауға міндетті өз құзыретіне жататын мәселелер бойынша бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;

4) Құрылымдық бөлімшелер туралы ережелерді, қызметкерлердің лауазымдық нұсқаулықтарын бекітеді;

5) барлық мемлекеттік органдарда және меншік нысанына қарамастан өзге де ұйымдарда Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес "Павлодар облысының білім беру басқармасы" ММ-нің мүддесін білдіреді;

6) "Павлодар облысының білім беру басқармасы" ММ-нің құзыретіне жататын мәселелер бойынша мемлекеттік органдарда, өзге де мекемелерде басқарма мүдделерін білдіру құқығына сенімхаттар береді;

7) ведомстволық бағынысты ұйымдар, аумақтық органдар (аудандардың және қалалардың білім беру бөлімдері) басшыларының қатысуымен мәжілістер өткізеді;

8) "Павлодар облысының білім беру басқармасы" ММ-нің перспективалық және ағымдағы жұмыс жоспарларын бекітеді;

9) сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет етеді және оған дербес жауап береді;

10) аумақтық органдардың (аудандар мен қалалардың білім беру бөлімдері) басшылары тағайындайтын мемлекеттік білім беру ұйымдарының басшыларын қоспағанда, білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындаған тәртіппен конкурстық негізде мемлекеттік білім беру ұйымдарының басшыларын қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

11) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен аумақтық органдардың (аудандардың және қалалардың білім беру бөлімдері), ведомстволық бағынысты ұйымдардың басшыларын көтермелеуді, материалдық көмек көрсетуді, оларға тәртіптік жаза қолдануды жүзеге асырады;

12) басқарма қызметінің негізгі мәселелерін қарау үшін білім беру басқармасының алқасын, оның сандық және дербес құрамын құру туралы бұйрық шығарады.

"Павлодар облысының білім беру басқармасы" ММ-нің бірінші басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін орындауды қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға жүзеге асырады.

26. Бірінші басшы өз орынбасарларының өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес айқындайды.

27. "Павлодар облысының білім беру басқармасы" ММ мен коммуналдық мүлікті басқару жөніндегі уәкілетті орган (жергілікті атқарушы орган) арасындағы өзара қарым-қатынастар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен реттеледі.

28. "Павлодар облысының білім беру басқармасы" ММ мен тиісті саланың уәкілетті органы арасындағы өзара қарым-қатынастар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен реттеледі.

29. "Павлодар облысының білім беру басқармасы" ММ әкімшілігі мен еңбек ұжымы арасындағы өзара қарым-қатынас мемлекеттік қызмет туралы заңнамаға және Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес айқындалады.

4. "Павлодар облысының білім беру басқармасы" ММ мүлкі

30. "Павлодар облысының білім беру басқармасы" ММ-нің заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

"Павлодар облысының білім беру басқармасы" ММ-нің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

31. "Павлодар облысының білім беру басқармасы" ММ-не бекітілген мүлік облыстық коммуналдық меншікке жатады.

32. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, "Павлодар облысының білім беру басқармасы" ММ өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5. "Павлодар облысының білім беру басқармасы" ММ қайта ұйымдастыру және қысқарту (тарату)

33. "Павлодар облысының білім беру басқармасы" ММ-ін қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

"Павлодар облысының білім беру басқармасы" мемлекеттік мекемесінің қарамағындағы мемлекеттік мекемелер – аумақтық органдар тізбесі

1. Павлодар облысы білім беру басқармасының "Ақсу қаласының білім беру бөлімі" мемлекеттік мекемесі.

2. Павлодар облысы білім беру басқармасының "Аққулы ауданының білім беру бөлімі" мемлекеттік мекемесі.

3. Павлодар облысы білім беру басқармасының "Ақтоғай ауданының білім беру бөлімі" мемлекеттік мекемесі.

4. Павлодар облысы білім беру басқармасының "Баянауыл ауданының білім беру бөлімі" мемлекеттік мекемесі.
 5. Павлодар облысы білім беру басқармасының "Железин ауданының білім беру бөлімі" мемлекеттік мекемесі.
 6. Павлодар облысы білім беру басқармасының "Ертіс ауданының білім беру бөлімі" мемлекеттік мекемесі.
 7. Павлодар облысы білім беру басқармасының "Май ауданының білім беру бөлімі" мемлекеттік мекемесі.
 8. Павлодар облысы білім беру басқармасының "Павлодар қаласының білім беру бөлімі" мемлекеттік мекемесі.
 9. Павлодар облысы білім беру басқармасының "Павлодар ауданының білім беру бөлімі" мемлекеттік мекемесі.
 10. Павлодар облысы білім беру басқармасының "Тереңкөл ауданының білім беру бөлімі" мемлекеттік мекемесі.
 11. Павлодар облысы білім беру басқармасының "Успен ауданының білім беру бөлімі" мемлекеттік мекемесі.
 12. Павлодар облысы білім беру басқармасының "Шарбақты ауданының білім беру бөлімі" мемлекеттік мекемесі.
 13. Павлодар облысы білім беру басқармасының "Екібастұз қаласының білім беру бөлімі" мемлекеттік мекемесі.
- "Павлодар облысының білім беру басқармасы" мемлекеттік мекемесінің қарамағындағы ұйымдар тізбесі
- Мемлекеттік мекемелер:
1. Павлодар қаласының "Дарынды балаларға арналған №8 лицей-мектебі" мемлекеттік мекемесі.
 2. Павлодар қаласының "Дарынды балаларға арналған №3 гимназиясы" мемлекеттік мекемесі.
 3. Павлодар қаласының "Жас дарын" мамандандырылған мектебі" мемлекеттік мекемесі.
 4. "Ы. Алтынсарин атындағы дарынды балаларға арналған облыстық қазақ гимназия-интернат" мемлекеттік мекемесі.
 5. Павлодар облысы әкімдігі Павлодар облысы білім беру басқармасының "Облыстық көп салалы дарынды балаларға арналған лицей-интернат" мемлекеттік мекемесі.
 6. "Мемлекеттік тілде оқытатын дарынды балаларға арналған "Зерде" мамандандырылған жалпы білім беру мектебі" мемлекеттік мекемесі.
 7. "Музыкалық колледж – дарынды балаларға арналған музыкалық мектеп-интернат " кешені" мемлекеттік мекемесі.

8. "Екібастұз қаласының дарынды балаларға арналған мамандандырылған №1 лицей-мектебі" мемлекеттік мекемесі.

9. "Ақсу қаласының дарынды балаларға арналған мамандандырылған гимназиясы" мемлекеттік мекемесі.

Коммуналдық мемлекеттік мекемелер:

1. Облыс білім беру басқармасының "Павлодар облыстық ақпараттық технологиялар орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

2. Павлодар облысы әкімдігі Павлодар облысы білім беру басқармасының "Аймақтық оқу-тәжірибелік дене тәрбиесі орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

3. "Павлодар облысы әкімдігі Павлодар облысы білім беру басқармасының "Ертіс дарыны" өңірлік қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

4. Павлодар облысы білім беру басқармасының "Білім беруді дамытудың инновациялық орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

5. Павлодар облысы әкімдігі Павлодар облысы білім беру басқармасының "Дарынды балаларға арналған Абай атындағы гимназия" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

6. Павлодар облысы әкімдігі Павлодар облысы білім беру басқармасының "Қабанбай батыр атындағы облыстық мамандандырылған әскери мектеп-интернаты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

7. Павлодар облысы әкімдігі Павлодар облысы білім беру басқармасының "Дарынды қыз балаларға арналған "БІЛІМ-ИННОВАЦИЯ" лицей-интернаты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

8. Павлодар облысы әкімдігі Павлодар облысы білім беру басқармасының "Дарынды ер балаларға арналған "БІЛІМ-ИННОВАЦИЯ" лицей-интернаты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

9. Павлодар облысы әкімдігі Павлодар облысы білім беру басқармасының "Облыстық көп салалы дарынды балаларға арналған көптілді лицей-интернаты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

10. Павлодар облысы әкімдігі Павлодар облысы білім беру басқармасының "Павлодар қаласының отбасы үлгісіндегі балалар ауылы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

11. Павлодар облысы әкімдігі Павлодар облысы білім беру басқармасының "Кенжекөл ауылының отбасы үлгісіндегі балалар ауылы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

12. Павлодар облысы әкімдігі Павлодар облысы білім беру басқармасының "Отбасы үлгісіндегі Шақат балалар үйі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

13. Павлодар облысы әкімдігі Павлодар облысы білім беру басқармасының "Отбасы үлгісіндегі Успен балалар үйі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.
14. Павлодар облысы әкімдігі Павлодар облысы білім беру басқармасының " Екібастұз қаласының өмірлік қиын жағдайдағы балаларды қолдау орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.
15. Павлодар облысы әкімдігі Павлодар облысы білім беру басқармасының " Өмірлік қиын жағдайдағы балаларды қолдау жөніндегі өңірлік орталық" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.
16. Павлодар облысы әкімдігі Павлодар облысы білім беру басқармасының " Облыстық психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңес беру" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.
17. Павлодар облысы әкімдігі Павлодар облысы білім беру басқармасының " Павлодар қаласының психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациясы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.
18. Павлодар облысы әкімдігі Павлодар облысы білім беру басқармасының " Екібастұз қаласының психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациясы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
19. Павлодар облысы әкімдігі Павлодар облысы білім беру басқармасының " Облыстық психологиялық-педагогикалық түзету кабинеті" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.
20. Павлодар облысы әкімдігі Павлодар облысы білім беру басқармасының "Асыл Мирас" аутизмі (аутистік спектрдің бұзылуы) бар балаларды қолдау орталығы (autism-орталығы)" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
21. Павлодар облысы әкімдігі Павлодар облысы білім беру басқармасының "№1 арнайы кешен балабақша-мектеп-интернаты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
22. Павлодар облысы әкімдігі Павлодар облысы білім беру басқармасының "№2 арнайы мектеп-интернаты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.
23. Павлодар облысы әкімдігі Павлодар облысы білім беру басқармасының "№3 арнайы мектеп-интернаты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.
24. Павлодар облысы әкімдігі Павлодар облысы білім беру басқармасының "№4 арнайы мектеп-интернаты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.
25. Павлодар облысы әкімдігі Павлодар облысы білім беру басқармасының "№5 арнайы мектеп-интернаты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.
26. Павлодар облысы әкімдігі Павлодар облысы білім беру басқармасының "№6 арнайы мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.
27. Павлодар облысы әкімдігі Павлодар облысы білім беру басқармасының "№7 арнайы мектеп-интернаты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.
28. Павлодар облысы әкімдігі Павлодар облысы білім беру басқармасының " Technikum-Арт орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

29. Павлодар облысы әкімдігі Павлодар облысы білім беру басқармасының "Ақсу қаласының дарынды балаларға арналған мамандандырылған гимназиясы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорындар:

1. Павлодар облысы әкімдігі Павлодар облысы білім беру басқармасының "М.М.Катаев атындағы Оқушылар сарайы" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны.

2. Павлодар облысы әкімдігі Павлодар облысы білім беру басқармасының "Жас дәурен" облыстық оқыту-сауықтыру орталығы" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны.

3. Павлодар облысы әкімдігі Павлодар облысы білім беру басқармасының "Жас ұрпақ" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны.

4. Павлодар облысы әкімдігі Павлодар облысы білім беру басқармасының "Павлодар қызмет көрсету саласы колледжі" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны.

5. Павлодар облысы әкімдігі Павлодар облысы білім беру басқармасының "Қ.Пішенбаев атындағы Екібастұз тау-кен-техникалық колледжі" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны.

6. Павлодар облысы әкімдігі Павлодар облысы білім беру басқармасының "Ақтоғай аграрлық-техникалық колледжі" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны.

7. Павлодар облысы әкімдігі Павлодар облысы білім беру басқармасының "Железин аграрлы-техникалық колледжі" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны.

8. Павлодар облысы әкімдігі Павлодар облысы білім беру басқармасының "Ертіс аграрлық-техникалық колледжі" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны.

9. Павлодар облысы әкімдігі Павлодар облысы білім беру басқармасының "Тереңкол ауданының аграрлық-техникалық колледжі" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны.

10. Павлодар облысы әкімдігі Павлодар облысы білім беру басқармасының "Успен аграрлық-техникалық колледжі" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны.

11. Павлодар облысы әкімдігі Павлодар облысы білім беру басқармасының "Шарбақты аграрлық-техникалық колледжі" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны.

12. Павлодар облысы әкімдігі Павлодар облысы білім беру басқармасының "Павлодар химия-механикалық колледжі" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны.

13. Павлодар облысы әкімдігі Павлодар облысы білім беру басқармасының "Техникалық колледжі" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны.

14. Павлодар облысы әкімдігі Павлодар облысы білім беру басқармасының "Ertis" жоғары инновациялық-аграрлық колледжі" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны.

15. Павлодар облысы әкімдігі Павлодар облысы білім беру басқармасының "Баянауыл көпсалалы колледжі" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны.

Шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындар:

1. Павлодар облысының әкімдігі Павлодар облысы білім беру басқармасының "Павлодар техникалық сервис колледжі" шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны.

2. Павлодар облысы әкімдігі Павлодар облысы білім беру басқармасының "Жоғары түсті металлургия колледжі" шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны.

3. Павлодар облысының әкімдігі Павлодар облысы білім беру басқармасының "Павлодар монтаждау колледжі" шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны.

4. Павлодар облысының әкімдігі Павлодар облысы білім беру басқармасының "Павлодар сервис және тамақтану колледжі" шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны.

5. Павлодар облысының әкімдігі Павлодар облысы білім беру басқармасының "Ақсу қара металлургия колледжі" шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорын.

6. Павлодар облысы әкімдігі Павлодар облысы білім беру басқармасының "Жоғары электроника және коммуникациялар колледжі" шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны.

7. Павлодар облысының әкімдігі Павлодар облысы білім беру басқармасының "Павлодар технологиялық колледжі" шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны.

8. Павлодар облысы әкімдігі Павлодар облысы білім беру басқармасының "Б. Ахметов атындағы жоғары педагогикалық колледжі" шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны.

9. Павлодар облысының әкімдігі Павлодар облысы білім беру басқармасының "Павлодар машина жасау колледжі" шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны.

10. Павлодар облысы әкімдігі Павлодар облысы білім беру басқармасының "Ақпараттық технологиялар колледжі" шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны.

11. Павлодар облысының әкімдігі Павлодар облысы білім беру басқармасының "Екібастұз политехникалық колледжі" шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны.

12. Павлодар облысының әкімдігі Павлодар облысы білім беру басқармасының "Жаяу Мұса атындағы Ақсу жоғары көпсалалы колледжі" шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны.

Павлодар облысы әкімдігінің
2022 жылғы "23" мамырдағы
№ 142/1 қаулысымен
бекітілді

Павлодар облысы әкімдігінің
2022 жылғы "23" мамырдағы
№ 142/1 қаулысына
2-қосымша

Павлодар облысы білім беру басқармасының "Ақсу қаласының білім беру бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы ереже

1. Жалпы ережелер

1. Павлодар облысы білім беру басқармасының "Ақсу қаласының білім беру бөлімі" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Павлодар облысы білім беру басқармасының "Ақсу қаласының білім беру бөлімі" ММ) Павлодар облысының әкімдігімен қала аумағында білім беру саласындағы қызметті жүзеге асыруға уәкілеттік берілген Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. Павлодар облысы білім беру басқармасының "Ақсу қаласының білім беру бөлімі" ММ ведомстволары жоқ.

3. Павлодар облысы білім беру басқармасының "Ақсу қаласының білім беру бөлімі" ММ "Павлодар облысының білім беру басқармасы" мемлекеттік мекемесіне есеп береді және бақылауында болады.

4. Павлодар облысы білім беру басқармасының "Ақсу қаласының білім беру бөлімі" ММ өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

5. Павлодар облысы білім беру басқармасының "Ақсу қаласының білім беру бөлімі" ММ мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген мөрі және өз атауы қазақ және орыс тілдерінде жауылған мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары бар.

6. Павлодар облысы білім беру басқармасының "Ақсу қаласының білім беру бөлімі" ММ азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

7. Павлодар облысы білім беру басқармасының "Ақсу қаласының білім беру бөлімі" ММ егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

8. Павлодар облысы білім беру басқармасының "Ақсу қаласының білім беру бөлімі" ММ өз құзыретіндегі мәселелер бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Павлодар облысы білім беру басқармасының "Ақсу қаласының білім беру бөлімі" ММ басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

9. Павлодар облысы білім беру басқармасының "Ақсу қаласының білім беру бөлімі" ММ құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.

10. Павлодар облысы білім беру басқармасының "Ақсу қаласының білім беру бөлімі" ММ орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Павлодар облысы, 140100, Ақсу қаласы, Строителей көшесі, 14Б.

11. Мемлекеттік органның толық атауы:

мемлекеттік тілде - Павлодар облысы білім беру басқармасының "Ақсу қаласының білім беру бөлімі" мемлекеттік мекемесі;

орыс тілінде - государственное учреждение "Отдел образования города Ақсу" управления образования Павлодарской области.

12. Павлодар облысы білім беру басқармасының "Ақсу қаласының білім беру бөлімі" ММ жұмыс тәртібі: дүйсенбі - жұма сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін, түскі үзіліс сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін, демалыс күндері: сенбі-жексенбі.

13. Павлодар облысы білім беру басқармасының "Ақсу қаласының білім беру бөлімі" ММ құрылтайшысы Павлодар облысы әкімдігі тұлғасындағы мемлекет болып табылады.

14. Осы Ереже Павлодар облысы білім беру басқармасының "Ақсу қаласының білім беру бөлімі" ММ құрылтай құжаты болып табылады.

15. Павлодар облысы білім беру басқармасының "Ақсу қаласының білім беру бөлімі" ММ қызметін қаржыландыру облыстық бюджет қаражатынан жүзеге асырылады.

16. Павлодар облысы білім беру басқармасының "Ақсу қаласының білім беру бөлімі" ММ кәсіпкерлік субъектілерімен Павлодар облысы білім беру басқармасының "Ақсу қаласының білім беру бөлімі" ММ функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер Павлодар облысы білім беру басқармасының "Ақсу қаласының білім беру бөлімі" ММ заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған кірістер, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік бюджеттің кірісіне жіберіледі.

2. Павлодар облысы білім беру басқармасының "Ақсу қаласының білім беру бөлімі" ММ міндеттері, мақсаттары, мәні және өкілеттіктері

17. Міндеттері:

1) ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке тұлғаны қалыптастыруға, дамытуға және кәсіптік қалыптастыруға бағытталған сапалы білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау;

2) жеке тұлғаның шығармашылық, рухани және физикалық мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, жеке тұлғаның дамуына жағдай жасау арқылы зияткерлікті байыту;

3) азаматтыққа және патриотизмге, өз Отаны – Қазақстан Республикасына сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздер мен мемлекеттік тілді құрметтеуге, халық дәстүрлерін қастерлеуге, Конституцияға қайшы және қоғамға жат кез келген көріністерге төзбеуге тәрбиелеу;

4) белсенді азаматтық ұстанымы бар жеке тұлғаны тәрбиелеу, республиканың қоғамдық-саяси, экономикалық және мәдени өміріне қатысу қажеттілігін, жеке адамның өз құқықтары мен міндеттеріне саналы көзқарасын қалыптастыру;

5) отандық және әлемдік мәдениеттің жетістіктеріне баулу; қазақ халқының және республиканың басқа да халықтарының тарихын, әдет-ғұрпы мен дәстүрлерін зерделеу; мемлекеттік, орыс, шет тілдерін меңгеру;

6) педагогтердің әлеуметтік мәртебесін арттыруды қамтамасыз ету;

7) білім беру ұйымдарының еріктілігін, дербестігін кеңейту, білім беруді басқаруды демократияландыру;

8) қоғам мен экономиканың қажеттіліктеріне жауап беретін білім беру сапасын бағалаудың ұлттық жүйесінің жұмыс істеуі;

9) оқытудың жаңа технологияларын енгізу және тиімді пайдалану;

10) жалпы оқыту, жұмыс орны бойынша оқыту және еңбек нарығының қажеттіліктері арасындағы өзара байланысты қамтамасыз ететін және әркімге білім мен құзыреттілікке негізделген қоғамда өзінің жеке әлеуетін барынша пайдалануға көмектесетін өмір бойы оқыту жүйесін дамыту;

11) білімге деген интеграция;

12) білім алушылардың кәсіби уәждемесін қамтамасыз ету;

13) білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жеке ерекшеліктерін ескере отырып, білім алу үшін арнайы жағдайлар жасау;

14) өз өкілеттіктері шегінде Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де міндеттерді жүзеге асыру.

18. Павлодар облысы білім беру басқармасының "Ақсу қаласының білім беру бөлімі" ММ қызметінің мақсаты Ақсу қаласында білім беруді дамытуға, білім беру саласында азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етуге бағытталған мемлекеттік саясатты жүргізу болып табылады.

